

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

(А.Қалиев, Р.Зайытов, Б.Имашев, А.Бердалин айтыстары негізінде)

Шахманова Г.Ш.¹, *Тлеубердина Г.Т.², Нуржаксина М.К.³, Каналина Г.М.⁴

¹п.ғ.м., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Көкшетау, Қазақстан, e-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com

*²ф.ғ.к., қауымд. профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

³ф.ғ.м., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Көкшетау, Қазақстан, e-mail: makosya_06@mail.ru

⁴ф.ғ.м., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Көкшетау, Қазақстан, e-mail: gaukan26@mail.ru

Аңдатпа. Мақала Қазақтан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты жобасы аясында жазылған. Мақалада халқымыздың көне, өміршең өнерінің бірі, поэзия жанрының ең күрделісі – айтыс жайлы сөз етіледі. Әдеби мұраның қалыптасып, өркендеуі бұл өнердің кең етек жаюына ат салысқан ақындар, әсіресе еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде айтыс сахнасында өнер көрсете бастаған шабыт иелерінің шығармашылығы зерделенеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін айтыстың тақырыптық-идеялық өрісі кеңейіп, бұл өнер түрі ұлттық рухани өрлеуге жарқын шырай берді. Жас айтыскерлердің жаңа лебі ауқымды мәселелерді батыл көтере білді. Қазақ халқының қанына сіңіп, жаңаша дамып келе жатқан асыл мұраның жалғастырушысы – бүгінгі айтыскер ақындар. Осыған сәйкес, мақаламыздың мақсаты – санаға түйген жүрек жарды сезімін сахна үстінде айтып беретін шын дарын иелерінің ақындық идеясы мен жыршылық даралықтарын, айтыстағы әдіс-тәсіл қолдану шеберліктерін анықтау, ақындық мұраларына поэтикалық тұрғыдан талдау.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы қазіргі айтыстардың тақырыптық ерекшеліктерін ескере отырып, ақындардың тілге тиек ететін мәселелерін зерттеп, ол айтыстардың қоғамдық маңызы мен әлеуметтік мәнін таныту. Зерттеу тақырыбына негіз болған қазіргі қазақ айтысының өкілдері Айбек Қалиев, Ринат Зайытов, Балғынбек Имашев, Арман Бердалин сынды ақын айтыстарының көркемдік қыры мен тәрбиелік мәні зерделенеді. Ақындардың шығармашылығын, олардың жеке авторлық бейнесін құру және сипаттау арқылы мәдени мұрамызды жаңғыртуға, ұлттың мәдени кодын дамытуға ықпал етеді.

Мақаланың негізгі нәтижелері жоба аясында қазіргі айтыс ақындары әлемінің жеке авторлық бейнесінің әдебиет пен мәдениеттегі орнын түсіну, рухани мұраны сақтап, қазақстандық брендті қалыптастыруында. Өскелең ұрпақ бойында адамгершілік және азаматтық-патриоттық сезімдері мен ұлтжандылығын қалыптастыруда бұл өнердің орны мен маңызы ерекше.

Тірек сөздер: айтыс, ақын, өлең, мақам, типология, поэтика, синкреттілік, әлеуметтік маңыз

Негізгі ережелер

Халық поэзиясының биік шыңы саналатын, өзіндік ерекше табиғатымен қалыптасқан жанр жыр бәйгесі айтыс екені белгілі. Сөз жарысы айтысты ұлттық құндылық ретінде халқымыз қай заманда болмасын ерекше бағалаған.

Заңғар жазушы М. Әуезов сайыс пен өнер бәсекесі айтысты сөз барымтасы деп, сөз жарысына түсетін ақындарды жиында сайысқа шыққан батырларға, күреске түскен балуанға, бәйгеде жарысқан сәйгүлікке балап, ақындық өнердің ерекшелігін танытады [1].

Айтыс – ақындар үшін өнер жарысы мен сөз таласы ғана емес, сөз майданындағы намыс тартысы да болып табылады. Өйткені айтысушы ақындар әрқайсысы өз жағының жетістіктерін мақтаса, қарсы жақтың кемшіліктерін әшкерелейді.

Ерте кезеңнен *өнер алды – қызыл тіл* деп, сөз барымтасын қадірлеп, қастерлеген қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде өнер бәсекесіне қашан да ерекше мән берген. Рухани өмірдің көрінісі мен көнермес асыл мұрасы ретінде өскелең ұрпаққа жалғастырып үлгі-насихат етіп отырған.

Аталмыш өнер қазақ халқымен бірге өмір сүріп келе жатқан синкретті жанр. Оның синкреттілік сипатына эпостық шығармалармен ұқсастығын, тұрмыс-салт өлеңдерінен бастау алуын, белгілі мақам, әуенмен айтылуын, мәтінмен суырыпсалмалық өнер тоғысуын жатқызуға болады. Қимыл мен әуен сөз өнерімен ұштасып, әлеуметті толғандырған мәселені замана шындығына сай жырлайтын ерекше поэтикалық туынды.

Жазушы С.Мұқанов ақынға қашан да ақын деген атақты әперетін ең басты поэзия – айтыс екенін атап, нағыз ақынға тән белгілерге жаттама өлеңнің аздығы, сауырыпсалмалық, тапқырлық пен өткірлік, әрі халық ауыз әдебиетін көп білуін [2] жатқызады.

Сөз сайысы – ақындар үшін сөз майданы ғана емес, ол – ақындық өнер мен білім шарқын сынайтын жер. Сол себепті де айтысқа түсетін әрбір ақын бұл жағын ескеріп, сөз жарысына үлкен дайындықпен келетіні мәлім.

Кіріспе

Қазақ елі еркіндікке қол жеткізген тұста айтысқа қосылған жаңа толқын, айтыстың түрі мен мазмұнын, сапасы мен мәнін өзгертті. Қара домбырамен көсіле шапқан жас ақындар өлең құрап, сөз саптауда мінез, алғырлық, әлеуметтік өткір мазмұнды ойларын ортаға сала бастады. Қоғамдық-саяси өзгерістерге дөп түскен айтыскер ақындардың өлең жолдары өздері өмір сүрген ортасының бейнесін айқара ашты десек артық болмас.

Тәуелсіздік жылдары айтыстың сахнасына келген жаңа буын өкілдері оралымды ой, зерделі сөздің жаңа үлгісін көрсетіп, халық ықыласына бөленіп, жұртшылықты шат-шадыман көңіл-күйге бөледі. Қазіргі қазақ айтысының дамуына айтарлықтай үлес қосып жатқан ақындар қатарына: Аманжол Әлтаев, Айбек Қалиев, Мәліс Қосымбаев, Қуаныш Мақсұтов, Бекарыс Шойбеков, Кәріма Оралова, Балғынбек Имашев, Дәулеткерей Кәпұлы, Арман Бердалин, Ринат Зайытов, Рүстем Қайыртайұлы, Мұхтар Ниязов сынды өнер өкілдерін жатқызамыз.

Қазіргі айтыстың құлашы кең, ауқымы да өзгеше. Әрине, бұрынғы айтыстың қол жетпес биіктері көп. Дегенмен, өзінің даму барысы жағынан, әлеуметтік мәселелерді орынды көтеруі жағынан, қоғамдық тыныстың кендігі жағынан қазіргі айтыс басым екені белгілі. Айтыс – тапқырлық мектебі, шындық сахнасы. Шындық болмаса, айтыстың бағасы кемиді. Ақындар үшін сөз майданы болып табылатын бұл өнер шыншылдығымен қымбат.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Ғылыми зерттеудің негізі нысаны ретінде қазіргі айтыс өнерінде ойсырата өзіндік орын алған, қазақ айтысының алдаспан ақындары Айбек Қалиев, Арман Бердалин, Ринат Зайытов, Балғынбек Имашевтың шығармашылығы мен youtube желісінде берілген айтыстарының текстологиясы негізге алынды.

Қазіргі айтыс ақындарының сөз жарысы өнерін игерудегі суырыпсалмалық шеберлігін, ақындық қолданысындағы көркемдік ерекшеліктерін қарастырдық. Айтыскер ақынның сөзді саптау шеберлігін анықтау мақсатында әр кезеңдегі айтыстарының текстологиясын теріп, талдадық. Тақырыпқа қатысты еңбектерді зерттеу, саралау, салыстыру әдістерін басшылыққа алдық.

Талқылау мен нәтижелер

Айтыс – қоғамдық ойды қозғаушы күш. Айтыстың негізі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Жалпы бұл өнер қашан да өзінің даму жолында үнемі елдің әлеуметтік жағдайын, қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарды көтеріп отыратыны белгілі. Сондықтан қазіргі айтыстың қоғамдағы маңызы ақынның елдің мұң-мұқтажын шынайы жырлай білуінде.

Ұлттық өнердің жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман бір сұхбатында: «Айтыстың бүгінгі биігін бағалау үшін оның тарихына қарау керек. Айталық, соңғы екі ғасыр, үш ғасырда халықтың ішінде өмір сүріп келе жатқан өнер болса, бұл тоғандағы су емес, ағын су, сосын дамымай тұра алмайды. Ар жағын айтпағанда, кешегі 80-жылдардың теледидардағы айтысы мен бүгінгі айтысты салыстыруға да келмейді. Айтыс деген қалай болғанда да өлең сөз. Өлең сөздің деңгейі мүлдем өзгеріп кеткен, өсіп кеткен. Осы уақыттың ішінде қазақтың жазба поэзиясы қалай дамыса, айтыс өлеңі де соншалық дамыды. Қазір интеллектуалдық поэзия сахнаға шықты. Сондықтан екеуінің арасы жер мен көктей. Мүлдем білімпаз, ойшыл жігіттердің заманы туды. Соған орайлас айтыстың деңгейі де шырқау биікке көтеріліп кеткен» [3] дейді.

Жүрсін Ерман ойын топшыласақ, қазіргі айтыстың тақырыптық-идеялық өрісі кеңейіп, айтыскер ақындар көтеретін мәселе ауқымы артқаны тайға таңба басқандай көрініп тұр. Қоғамның көлеңкелі тұстарын өткір де өзекті пікірмен, көркем де бейнелі тілмен өрнектеу дәстүрі осы тұстан кең қанат жайды.

Айтыстанушы ғалым М.Жармұқамедұлы айтыстағы тарихи және көркем шындық қашан да қоғамдық-әлеуметтік болмыстармен қатар дамидыны атап

өтеді. Айтыстың құндылығы өмір шындығын терең әрі шебер жеткізе білуінде. Демек, шындық – қарсылас екі ақын айтысындағы басты өлшем [4,126].

Қазіргі қоғамда өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі – тіл мәселесі. Тіл – әр ұлттың байлығы. Тілі жоқ ұлттың тарихы, бүгінгі мен ертеңі де бұлыңғыр болатыны анық. Халық ретінде ұлттық жадымызды, руханиятымызды сақтауда тілдің орны ерекше.

Ұлт болашағын ойлаған әрбір ақын ұлттың басты белгісі болып табылатын тілдің күйін айтпай кете алмайды. Тіл мәселесі қазіргі айтыскер ақындардың тілге тиек етіп, жиі көтеретін тақырыбы болса да, бұл мәселенің бүгінгі күннің өзінде шешуін таппай жатқан тұстары баршылық.

Айтыстың ақтаңгері атанған торғайлық ақын Айбек Қалиев Қызылжар қаласында Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық айтыста қарсыласы ақын Жарқын Жұпарханға Мағжан тойын дүбірлете тойлағанымен, солтүстік өңірдегі тіл мәселесінің өзекті тақырыпқа айналғанын баса айтады:

*Дүниенің тұтқасы менде тұр ма?
Тілімнің бағын аш деп жатсың, інім.
Жарқын-ау, сіздің жаққа қарағанда,
Торғайда тіл жайы сәл жақсы күнім.
Мысалы, сен Бескөлде тұрасың ғой,
Еліңнің көтерсең де басты жүгін.
Сол Бескөлді Бешкөл деп тілін бұрап,
Қаперге алмай орыстың жапсыруын.
Бешкөліңді Бескөл деп айтып алышы,
Сол болсын тілге қылған жақсылығың.
Аманжол, Ринат бар Парламентте
Қалыптасып келеді жақсы буын.
Мемлекеттік тіл жайлы заң шығарып,
Ұлтымның көтермекші басты мұңын.
Соларға аманаттап тапсырайық [5]*

Ақынның *Сол Бескөлді Бешкөл деп тілін бұрап* деген бір ғана мысалы арқылы Қазақстандағы жер-су аттарының әлі де өзге тілде тұрғанын көрсете отырып, билікке үн қатуы, тілге қатысты намысты ойлары залда отырған халықтың зор қолдауына ие болды.

Дегенмен, қазақ халқы азаматына сенім артқан ұлт екені аян. Ақынның болашаққа деген үлкен сенімін *Аманжол, Ринат бар Парламентте, Қалыптасып келеді жақсы буын* деген тармақтардан байқаймыз.

Рухани құндылық бастауы ұлттық тілдің тағдыры тұтастай руханият проблемасы екенін шыншыл ақын Ринат Зайытов та тілге тиек етеді.

*Елде жоқ эксперимент кім тауыпты?
Бастауыштан үш тілді тығындаса,
Бастауыш осы болар бұл қауіпті
Тоғыз тілді білетін Тоқазев та,
Сағадиев мырзаға сын тағыпты.*

**Өз тілінде өрісі кеңеймесе,
Өзге тіл кигізбей ме құл-қамытты.**

*Білімменен алысып жатқан кезде,
Бір жақтан бұрқ еткізді бір танытты.*

*Ол да біраз тосын-сый дайындапты,
Кім басынбай жатыр деп бұл халықты? [6]*

Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем деген халқымыздың нақылын ақын өз сөзінде *Өз тілінде өрісі кеңеймесе, Өзге тіл кигізбей ме құл-қамытты* деп ой сабақтастыра, сәтті қолданады. Тіл арқылы ұлт көкірегіндегі көрікті ойды сөзбен сомдайды. Демек, айтыстың бұл жолдарынан, тіл – қашан да халықтың ой-өрісін кеңейтетін басты тетік деген көркемдік ойды байқауымызға болады.

Тіл мәселесі Арман Бердалин мен Сара Тоқтамысованың сөз жарысында да көтеріледі.

Арман Бердалин:

*Жастарың тілін білмей жетіледі,
Тойғанын көтере алмай кекіреді.
Бағытын батыс жаққа бұрған жастар,
Дүрсілдеп әуеніне секіреді.
Жастарың ана тілін ардақтар еді,
Егерде орындалса ел тілегі.
Ағылшыниша, орысша шүлпіндесіп,
Ұлтының берекесін кетіреді.
Сөйлеген өз тіліңде дұрыс шығар,
Өгіз де өз тілінде өкіреді.
Не түрлі масқаралар шығып жатыр,
Жастарың суымызды сығып жатыр.
Ең басты мәселе боп тұрған қазір,
Ана тілі – қазақ тілі құрып жатыр.
Өз тілін, діліменен білмес жастар,
Бағытын батыс жаққа бұрып жатыр.
Шоқынса да біз қазір таң қалмаймыз,
Осылай тығырыққа тығып жатыр [7]*

Өгіз де өз тілінде өкіреді тармағынан ақын Қадыр Мырза Әлінің тіл хақындағы *өгіз де өз тілінде мәңгірейді, қорсылдаған құлынды көрген жоқпын* деген нақылы ойға оралады.

Ұлттық сана мен дәстүрдің, дін мен ділдің, әдебиет пен өнердің өркендеуінің кепілі қашанда тілге байланысты екені белгілі. Айтыс ақындары тіл проблемасын көтеруші ғана емес, тілді асқақтатын насихаттаушысы болып келеді.

Балғынбек Имашев:

*Ал бұл күнде жетпіс пайыз болып қазақ,
Жеңіс қой бұл елбасының ісіндегі.
Бірақ та тең жартысы шала қазақ,
Секілді мұражайдың мүсіндері.
Мәңгүрттер ана тілін ақсатып тұр,*

Қақсатқан қан құрт ұқсап тісімдегі [8]

Қазіргі ақындар айтысы заман сұранысына сай сөз саптауымен, тақырыптық тұрғыдағы жаңалығымен ерекшеленеді. Тақырыпты қоғам қайшылығымен байланыстыра отырып, ұлттық ынтымақты, ұлттық идеологияны, ұлтжандылықты, елдік мақсат-мұраттарды халық санасына сіңіру қазіргі айтыстың әлеуметтік маңызын арттыра түсетіні аян. Ақындар айтысының маңызды аспектілерінің бірегейі де осы – өткір тіл мен ақиқат сөз арқылы ой қозғап, халықтың мәдени әрі рухани мұраларын қалыптастыру және дамыту.

Айбек Қалиев:

*Қызылжар деп қала емес арақ татып,
Атауды ауыстырдың басқа қандай.
Қызылжарға қызара бөрді алып,
Дүниені төңкеріп тастағандай.
Болмайды қала атауын халал етпей,
Сен жүрсің бұған ешбір алаң етпей.
Нұрсұлтанды өзгерттік бірақ күнде
Ерекше жылдамдықпен самолеттей.
Әлі тұр Павлодар мен Петропавл,
Денеге артық біткен арам етпей.
Қазақтың тірісіне батырмыз зой,
Орыстың өлгеніне шама жетпей.*

***Шын тәуелсіз болмаймыз жер мен судың
Атауын өзге тілден адал етпей [5]***

Бүгінгі айтыс ақындары қандай тақырыпты жырласа да халық үшін өзекті, елдің мұң-мұқтажын жоқтап, ұлт тағдырын жан дүниесімен сезінуден, бағалаудан туындайтын құбылыс. Сондықтан өз жырларында көтерілетін кез келген мәселе ұлттық мүдде негізінде іске асады. Мәселен, айтыста тіл тағдырынан бөлек, жер мәселесі, оқу-ағарту жайы, тарихи тұлғалар, елді-мекен, ауыл проблемасы, саяси-әлеуметтік бағыт секілді мәселелер биліктің назарын аудару мақсатына насихатталып отырады. Бұл қазіргі қазақ айтысының тақырыптық, идеялық көкжиегін кеңейтеді.

Талайды аузына қаратқан шабыт иесі Айбек Қалиев елордалық айтыскер ақын Рауан Қайдаровпен айтысында ішкі жанайқайын биліктің құлағына былайша жеткізеді:

*Биылғы жыл Аханның жылы емес пе?!
Ұлы ұстаздың даңқымен мақтанайын
Тойына екі ай жарым уақыт қалды
Ұлы тойға дайындық жоқ па ағайын?
Тоз-тоз болған Торғайда той болады деп,
Қазаққа қай бетіммен мақтанайын
Атамның ауылына апаратын
Жол жоқ деп қайсыңызға ақталайын
Отыз бес шақырымға қаржы тапқан
Архимедті десем де даттамайын*

*Қалғанына қаржы жоқ деп отырса,
Онысын да дұрыс деп жақтамайын
Ол жолдың өзі әлі басталған жоқ,
Жазулы тек жоспар мен хатта ағайын
Жүз шақырым жол салып бере алмаса,
Ұят қой мемлекет деген ат, ағайын [9]*

Ақын Торғай елінде қордаланған тағы бір мәселені, Алаш арманын жырына арқау етіп, менің жанды жерім дей келе, іштегі арман тілегін бұл айтыста былайша жеткізеді:

*Ахмет, Ахмет деп қақсайсыңдар
Сөз басын Міржақыптан бастайсыңдар
Ал енді солар туған қарт Торғайға
Баруға бірін аяқ баспайсыңдар
Тоз-тоз болған Торғайды қашанғы енді,
Тағдырдың тепкісіне тастайсыңдар
Жолы жоқ, газы да жоқ, ауыз суы жоқ
Бізді қандай тозаққа бастайсыңдар
Секілді елдің қоры, жердің кемі
Тым құрыса облысын ашпайсыңдар [9]*

Елдегі соңғы келеңсіз жағдайды тілге тиек етіп, халық көкейіндегі облыс болу арманын соңғы айтыстарының бірі Жарқын Жұпарханмен айтысында бұл саяси мәселені тағы бір мәрте қозғайды:

*Тоқаев келеді деп күтіп едік
Тойланғанда Ахмет заңғарымыз
Бағымыз жана ма деп отырғанда
Баға емес жанып кетті орманымыз
**Бірге өртеніп кетті зой сол орманмен
Облыс болса деген арманымыз** [5]*

Ақындардың өзекті өртеген үлкен мәселелерден туған ішкі толғанысы қызу қолдау, зор қошеметке ие болып жатады. Сондықтан да қазіргі ақындар айтысы тақырыптық-мазмұндық, көркемдік форма тұрғысынан біршама өзгеріп, заман ағымына мейлінше бейімделді.

Қазіргі айтыстарда қозғалатын тағы бір өзекті тақырыптардың бірі – имандылық, яғни, дін мәселесі. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде діни лексика қайта жанданып, айтыстың тілінде қайта айналымға ене бастады. Ислам дінінің қазақ қоғамында қажеттілігі мен әлеуметтік мәнін насихаттауда қазіргі айтыскер ақындарының орны ерекше.

Арман Бердалин:

*Ағайын есті жиып **иманға кел**
Адал менен тарамды қарап барма
Дүние мал жолдас емес бұл жалғанда
Міндеттім бес-алты ақ күн қонақ болмақ
Иманға келсең жанын жсай табады
Руын пәк сәбидей қанаттанады*

Балғынбек Имашев:

*Иманды ел болайық бір ауылды
Самиһ Баһир әл-Ғаффар Раббымызға
Жалбарынып жасайық дұғамызды,
Бидағат амалдардан аман сақтап
Ғидаят жолға салсын тура бізді*

Арман Бердалин:

*Пендені жан **иман** мен тамақтаңдыр,
Ораза ұстап байлықтан зекет беріп
Амалдардын асын ішер шалап барма
Шамасы жеткен жандар қажсы барып
Қасиетті Қазбаға тауапты арнап
Бес парызды мүддіксіз орындасаң
Жаратқан жақпар жақтан жауап болмақ*

Айбек Қалиев:

*Патшаға тәуба, елген бірлік бер
Жасаған жапар Жаратқан Алла
Сүйгеннің өшін қинадың бала
Жизаным ал да, иманымды алма
Ұлтымды менің пейішке баста
Көрейік нұрлы дидарыңды Алла
Жұртымды менің жұмбаққа баста
Көрейік нұрлы дидарыңды Алла*

Жоғарыда келтірілген айтыс үзінділерінен ақындардың имандылық, жүрек тазалығы, рухани байлық мәселелерін орынды қозғайтынын көреміз. Сөз жарысында қозғалған қай тақырып болмасын айтыстың қоғамдық мәнін арттыра түсетіні сөзсіз.

Қорытынды

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – ғасырдан-ғасырға, заманнан-заманға, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұралық дәстүрмен келе жатқан айтыскерлік өнер – бойына өнердің бірнешелік түрін қамтыған синкретті жанр ретінде қазіргі ақын-жыршылардың қабілетін шыңдап, өнерін өркендетін, рухани әлемді байытатын тәжірибе мектебі, қоғам-әлеумет, халық тағдырын қозғайтын, ой салатын өнер алаңы десек артық айтқан болмас. Ақындық сөз жарысы – өскелең ұрпақты азаматтыққа тәрбиелеудің, тілді үйренудің, имандылыққа шақырып баулудың, дәстүр мен тарихты білудің ғана емес, ұлттық құндылықтарымызды қалыптастырудың құралы.

Қазіргі айтыс ақындарының шығармалары мәдени құбылыс қана болып қоймай, жаңа ұрпақты қалыптастыруға қажетті тарихи-мәдени, азаматтық-патриоттық сезімдері мен ұлтжандылықты қалыптастыратын құнды өнер туындылары. Ал, бұл өнер дәстүрін жалғастырып, халықтың көкейіндегі ойды айта білген ақын әрқашан халықтың ілтипатына бөленетіні анық.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- [2] Хасенов С. Айтыс керуені / С. Хасенов. – Көкшетау, 2016. – 153 б.
- [3] «Жүрсін ЕРМАН: Қазір айтыс та, айтыс ақындары да екіге бөлініп кетті» Қамшы сайтында жүргізілген сұхбат. – URL: <https://qamshy.kz/article/1923-zhursin-erman-qazir-aytys-ta-aytys-aqyndary-da-ekige-bolinip-ketti>
- [4] Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.
- [5] Айбек Қалиев пен Жарқын Жұпархан айтысы. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=Pc3v_pRyc-Q&t=724s
- [6] Ринат Зайытов пен Мұхтар Ниязов айтысы. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=FJ_qA2R42CE
- [7] Қазіргі айтыс. 3-кітап. – Астана: Күлтегін, 2006. – 317б.
- [8] Балғынбек Имашев пен Сара Тоқтамысованың айтысы. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=Ch-fLq_npxU
- [9] Айбек Қалиев пен Рауан Қайдаровтың айтысы. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=pbLisBWp7Dk>

REFERENCES

- [1] Auezov M. Adebiet tarihy (History of literature). – Almaty: Ana tılı, 1991. – 240 b. [in Kaz.]
- [2] Khasenov, S. (2016). Aitys kerueni (Aitys caravan). – Kokshetau, 2016. – 153 b. [in Kaz.]
- [3] "Zhursun ep: now both aitys and aitys poets are divided" interview on the website of Kamshy. – URL: <https://qamshy.kz/article/1923-zhursin-erman-qazir-aytys-ta-aytys-aqyndary-d6a-ekige-bolinip-ketti>
- [4] Jarmuhameduly M. Aitys olenderinin argy tegi men damuy (The origin and development of aitys poems). – Almaty: Mūrattas, 2001. – 293 b. [in Kaz.]
- [5] Aibek Qaliev pen Jarqyn Juparhan aitysy. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=Pc3v_pRyc-Q&t=724s
- [6] Rinat Zaiytov pen Muhtar Niazov aitysy. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=FJ_qA2R42CE
- [7] Qazırgı aitys (Modern aitys). –Astana: Kültegin, 2006. 3-kitap. – 317 b. [in Kaz.]
- [8] Balgynbek Imashev pen Sara Toqtamysovanyn aitysy. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=Ch-fLq_npxU [in Kaz.]
- [9] Aibek Qaliev pen Rauan Qaidarovtyn aitysy. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=pbLisBWp7Dk> [in Kaz.]

СОЦИАЛЬНАЯ ЗНАЧИМОСТЬ СОВРЕМЕННОГО АЙТЫСА (по айтысам А.Калиева, Р.Зайтова, Б.Имашева, А.Бердалина)

Шахманова Г.Ш.¹, *Тлеубердина Г.Т.², Нуржаксина М.К.³, Каналина Г.М.⁴

¹м.п.н., Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова
Кокшетау, Казахстан, e-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com

^{*2}к.ф.н., асоц. профессор, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

³м.ф.н, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова
Кокшетау, Казахстан, e-mail: makosya_06@mail.ru

⁴ м.ф.н, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова
Кокшетау, Казахстан, e-mail: gaukan26@mail.ru

Аннотация. Статья написана в рамках проекта AP19574645 «Типология и поэтика современного айтыса», который реализуется при грантовом финансировании МНВО РК на 2023-2025 годы. В статье рассказывается об одном из древнейших видов искусства казахского народа, фольклорном жанре – айтыс. Изучено становление и процветание искусства айтыс, мнения исследователей об айтыс, творчество поэтов, участвовавших в популяризации айтыса, особенно поэтов, которые начали выступать на сцене айтыса в период приобретения суверенитета нашей страной.

В годы независимости тематико-идейное поле айтыса расширилось, и искусство айтыс стало ярким отражением национального духовного роста страны. Новая волна юных акынов смело поднимала масштабные проблемы. Сегодняшние акыны айтыса – продолжатели благородного наследия, проникнутые духом нашего народа и сумевшие развиваться по-новому, не потерявших во времени. В соответствии с этим целью нашей статьи является выявление поэтических идей акынов, умений использовать приемы в айтысе, поэтический анализ их творческого наследия.

Научно-практическая значимость статьи изучить актуальные проблемы, поднимаемые поэтами с учетом тематических особенностей современных айтысов, показать общественную и социальную значимость этих айтысов. Изучаются художественные аспекты и воспитательная сущность айтысов современных казахских акынов Айбека Калиева, Рината Зайытова, Балгынбека Имашева, Армана Бердалина. Способствует возрождению нашего культурного наследия, развитию культурного кода нации через создание и описание творчества поэтов, их индивидуального авторского образа. В статье использованы методы теоретического анализа, систематического и всестороннего обобщения особенностей поэтических творческих личностей казахской поэзии, выявления фактов жизни современных айтысских поэтов, их поэтической среды и продолжения традиций.

Основные результаты статьи: понимание места индивидуального авторского образа мира современных поэтов айтыса в литературе и культуре, сохранение духовного наследия и формирование казахстанского бренда проведенном в рамках проекта. Особое место и значение это искусство имеет в формировании у подрастающего поколения нравственных и гражданско-патриотических чувств и национальности.

Ключевые слова: айтыс, поэт, поэма, статус, типология, поэтика, синкретизм, социальное значение

THE SOCIAL SIGNIFICANCE OF MODERN AITYS

(based on the aitys of A. Kaliyev, R. Zaitov, B. Imashev, A. Berdalin)

Shakhmanova G. Sh.¹, *Tleuberdina G. T.², Nurzhaksina M. K.³, Kanalina G.M.⁴

¹Master of Ped. Sc., Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov
Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com

^{*2}Candidate of Phil. Sc., Associate Professor, Kokshetau University
named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan
e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

³Master of Phil. Sc., Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov
Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: makosya_06@mail.ru

⁴Master of Phil. Sc., Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov
Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: gaukan26@mail.ru

Abstract. The article is written within the framework of the project AP19574645 "Typology and poetics of modern aitys", implemented with grant funding from the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

The article tells about one of the oldest forms of art of the Kazakh people, the folklore genre – aitys. The formation and prosperity of the art of aitys, the opinions of researchers about aitys, the work of poets who participated in the popularization of aitys, especially poets who began performing on the stage of aitys during the acquisition of sovereignty by our country, were studied.

During the years of independence, the thematic and ideological field of aitys expanded, and the art of aitys became a vivid reflection of the national spiritual growth of the country. A new wave of young akyns boldly raised large-scale problems. Today's akyns of Aitys are the successors of the noble heritage, imbued with the spirit of our people and who managed to develop in a new way, not lost in time. In accordance with this, the purpose of our article is to identify the poetic ideas of the Akyns, the ability to use techniques in aitys, and the poetic analysis of their creative heritage.

The scientific and practical significance of the article is to study the topical issues raised by poets, taking into account the thematic features of modern aitys, to show the social and social significance of these aitys. The artistic aspects and educational essence of the aitys of modern Kazakh akyns Aibek Kaliev, Rinat Zaitov, Balgynbek Imashev, Arman Berdalin are studied. It promotes the revival of our cultural heritage, the development of the cultural code of the nation through the creation and description of the work of poets, their individual author's image. The article uses methods of theoretical analysis, systematic and comprehensive generalization of the features of poetic creative personalities of Kazakh poetry, revealing the facts of life of modern Aitys poets, their poetic environment and the continuation of traditions.

The main results of the article are an understanding of the place of the individual author's image of the world of modern Aitys poets in literature and culture, the preservation of spiritual heritage and the formation of a Kazakhstani brand carried out within the framework of the project. This art has a special place and importance in the formation of moral and civic-patriotic feelings and nationality among the younger generation.

Keywords: aitys, poet, poem, maqam, typology, poetics, syncretism, social significance

Статья поступила 04.12.2023